# ЖЕТІСУ шұғыласы

№20 (8960), жұма, 26 мамыр 2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.




## ҚАЗАҚСТАН МЕН СИНГАПУР ПРЕЗИДЕНТТЕРІ КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗДІ



**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Сингапур Президенті Халима Якобпен келіссөздер жүргізді.**

Келіссөздер алдында «Ақорда» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалып, бірге суретке түскеннен кейін президенттер кеңейтілген форматта кездесу өткізу үшін залға қарай өтті.

Тараптар Қазақстан мен Сингапур арасындағы саяси диалогты нығайту, сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелеріне баса мән бере отырып, екі ел қатынастарының қазіргі жай-күйі мен перспективасын жан-жақты талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Халима Якобқа ілтипат білдіре отырып, осындай күрделі кезеңде оның Сингапурды басқару ісіндегі көшбасшылық қызметіне жоғары баға берді.

– *Сингапур Президентінің Орталық Азия елдерінің арасында ең әуелі Қазақстанға келуі – біз үшін зор мәртебе. Сіздің Қазақстанға сапарыңыз – тарихи оқиға. Бұл сапар біздің өзара тиімді ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенімдімін. Қазақстан Сингапурмен арадағы қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуге ниетті,* – деді Мемлекет басшысы.

Биыл наурыз айында екі мемлекеттің бір-бірімен дипломатиялық қатынас орнатқанына 30 жыл толды. Президент осы кезеңде елдеріміз арасында өзара сенімді саяси диалог пен белсенді парламентаралық байланыстар қалыптасқанын атап өтті.

Қазақстан мен Сингапур қатынастарында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық ерекше орын алады. Мемлекет басшысы бүгінде елімізде 140-тан астам сингапурлық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатқанына назар аударды.

– *Сингапурдың Қазақстан экономикасына құйған инвестициясының жалпы көлемі 1,4 миллиард доллардан асты. Экономикалық қиындықтар мен пандемияға қарамастан, былтыр өзара сауда-саттық көлемі 2 миллиард долларға жуықтады. Бұл өте жақсы нәтиже деп санаймын,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екіжақты ынтымақтастықтың берік негізі қаланғанына тоқталды. Бұл орайда жақында құрылған Қазақстан-Сингапур іскерлік кеңесі маңызды рөл атқарады.

– Сингапурға турист ретінде баратын азаматтарымызға қолдау көрсетеміз. Әрине, Сіздің елден келетін туристер мен бизнесмендерге біздің есігіміз әрдайым ашық. Сондықтан Қазақстан Сіздің елмен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын екенін тағы да айтқым келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Халима Якоб мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны, сондай-ақ өзіне және сингапурлық делегацияға қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сингапур Президенті екі ел арасындағы саяси диалог пен өзара тиімді серіктестіктің деңгейін жоғары бағалады.

– *Өте дұрыс айтасыз. Бұл – Сингапур Президентінің Қазақстанға, жалпы Орталық Азияға алғашқы сапары. Сондықтан бұл – өте маңызды сапар. Қазақстан – біз үшін Орталық Азия аймағындағы аса маңызды серіктес. Өйткені еліңізді, шын мәнінде, аймақтағы көшбасшы ретінде танимыз. Бұл біз үшін өте маңызды әрі көп жылдан бері жақсы қарым-қатынас жасап келеміз. Бізді тығыз қарым-қатынасымыз ғана емес, ашықтық және тәртіп секілді қағидаттарға беріктігіміз де байланыстырады. Бұл – Қазақстан үшін де, біз үшін де маңызды,* – деді Сингапур Президенті.

Сонымен қатар Назарбаев Университетінің Жоғары мемлекеттік саясат мектебі мен Ли Куан Ю атындағы мемлекеттік саясат мектебі арасында стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту маңызды екені айтылды.

Мемлекеттер басшылары экспорт мүмкіндіктерін кеңейту, еліміздің аумағында бірлескен кәсіпорындар ашу мәселелері туралы пікір алмасты. Атап айтқанда, Алматы маңындағы «G4City» агломерациясының құрылысына қатысты бірлескен инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысы, қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар президенттер Транскаспий халықаралық көлік дәлізі мен «Бір жол – бір белдеу» бастамасын бір-бірімен сабақтастыру, сондай-ақ елдеріміз арасында тікелей әуе қатынасын ашу жөнінде өзара тиімді ынтымақтастық перспективаларын қарастырды.

Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе, соның ішінде Қазақстан мен Сингапурдың көпжақты құрылымдар аясындағы қатынастары талқыланды.

***Содан кейін мемлекеттер басшыларының қатысуымен екі елдің ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарға қол қойды:***

1. Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісім;
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Орталық Азия елдері (C5) мемлекеттік қызметшілері үшін әлеуетті арттыру бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;
3. «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен «Enterprise Singapore» арасындағы ынтымақтастық туралы келісім;
4. «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ мен «Enterprise Singapore» арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

**akorda.kz**

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ II ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМҒА ҚАТЫСТЫ



***Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Көпполярлы әлемдегі еуразиялық интеграция» атты II Еуразиялық экономикалық форумның пленарлық отырысына қатысты. Жиын сұрақ-жауап форматында өтті.***

Модератор Александр Шохин Мемлекет басшысына Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі қабылданған стратегиясында өзара инфрақұрылым байланысы, «Солтүстік – Оңтүстік» және «Батыс – Шығыс» дәліздері және үшінші елдермен арадағы қатынастар секілді перспективті бағыттар қамтылған ба деген сұрақ қойды.

Президент өз сөзінде форумға қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, жиынға шақырғаны және іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Ресей тарапына және Владимир Путинге ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы 2020 жылы Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттары қабылданғанын атап өтті.

**2-бет**

## В ОБЛАСТИ ЖЕТЫСУ ОПРЕДЕЛИЛИ ЛУЧШИХ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА



***В области Жетысу состоялось торжественное мероприятие, посвященное прошедшему недавно Дню работников культуры и искусства. По традиции лучшим работникам и деятелям культуры региона вручили специальные награды – премии, дипломы и памятные статуэтки. В этом году чествовали победителей в 25 номинациях. В результате лучшим учреждением культуры области был признан Талдыкорганский драматический театр им.Б. Римовой, в качестве приза – автомобиль «Шевроле Кобальт». Кроме того, впервые в каждом районе и городе области были определены победители в номинации «Лучший работник культуры», об этом сообщает пресс-служба акима области Жетысу.***

Перед началом церемонии награждения присутствующих с профессиональным праздником от имени главы региона поздравил его заместитель Рустам Али. Отметив вклад работников культуры и искусства в сохранение и развитие культурного наследия, он выразил им глубокую признательность за ежедневный труд, пожелав крепкого здоровья, творческих успехов и вдохновения.

За верность профессии медалью «Ветеран труда» были награждены руководитель образцовой студии песни «Мен – жұлдызбын!» г.Талдыкорган Серикжамал Ажибекова, библиотекарь сельской библиотеки Алакольского района Камаш Ермырзаева, музыкальный руководитель сельского клуба Кербулакского района Лязат Кусаинова. Еще свыше 40 человек были отмечены Почетными грамотами, Благодарственными письмами министерства культуры и спорта РК, акима области и нагрудными знаками «Отличник культуры».

«Лучшим домом культуры» был признан дом культуры с.Отенай г.Талдыкорган, «Лучшей библиотекой» – Аксуская районная библиотека, а «Лучшим музеем» – литературный музей им.И.Жансугурова. Отмечены были и творческие коллективы и сольные исполнители. Так, «Лучшим артистом театра» стал артист театра им.Б.Римовой Меиржан Нуров, «Лучшим танцором» – артистка балета танцевального ансамбля областной филармонии Айгерим Жуман, «Лучшим певцом» – солист областной филармонии Тилекбай Нагымбаев, «Лучшим традиционным певцом» – еще одна солистка филармонии Куралай Шаяхметова, а «Лучшим инструменталистом» – инструменталист оркестра народных инструментов им.М.Толебаева Мухит Мукен. Награждены были и лучшие работники библиотек, музеев, домов культуры области. Без внимания не осталась и сфера прикладного искусства, победителем в данной номинации стал народный умелец Меирхан Данышпанов из с.Бактыбай Ескельдинского района. Отмечен был труд и тех, кто обеспечивает техническую часть всего творческого процесса. Лучшим в этом направлении был признан сценический инженер областного центра народного творчества Ерлан Калиаскаров. Кроме того, были награждены 10 работников культуры из разных районов и городов региона. Всем награжденным были вручены денежные премии от 100 до 200 тыс. каждому, специальные статуэтки и дипломы. Победителем в главной номинации – «Лучшее учреждение культуры» был признан Талдыкорганский драматический театр им.Б.Римовой. В качестве награды были вручены ключи от автомобиля «Шевроле Кобальт».

Праздничное мероприятие продолжил яркий концерт с участием солистов и творческих коллективов региона.

К слову, в области Жетысу действует 308 учреждений культуры и архивов, в них трудятся свыше 2 тыс. работников культуры и искусства. В этом году на развитие творческой сферы региона выделено 11,2 млрд. тенге. При этом в этом году будут строиться клуб в с.Акжар Алакольского района, дом культуры в с.Кальпе, краеведческий музей в г.Уштобе Каратальского района, блочно-модульные клубы в селах Ескельды и Коныр. Также ведется капитальный ремонт 10 объектов культуры на общую сумму 2,7 млрд. тенге, а на улучшение материально-технической базы выделено свыше 350 млн. тенге.

Басы 1-бетте.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ІІ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМҒА ҚАТЫСТЫ

*– Шын мәнінде, бұл осы салада атқарылған жұмыстарға берілген баға болды. Әрине, мақсаттар мен міндеттерді қайта пысықтау керек. Форумға қатысушылар және әріптестерім Стратегияның өте маңызды, жан-жақты ойластырылған құжат екеніне келіседі деп ойлаймын. Еуразиялық экономикалық одақтың географиялық аумағы орасан зор екенін ескерсек, өзара инфрақұрылым байланысын дамыту мәселесі аса маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді. Бұл жерде біз бірден екі деңгейде: бірінші – ішкіодақтық, яғни одаққа мүше елдердің көлік және коммуникация салаларындағы интеграциясы бағытында, екінші – халықаралық, яғни көлік-логистика саласындағы халықаралық мәселелерді жүзеге асыру және үшінші елдермен ынтымақтастықты дамыту аясында жұмыс істейтінімізді айта кету керек. Жаһандық тауар ағынының мейлінше жылдам өзгеріске ұшырап жатқанын ескерсек, қазір жан-жағымызды жіті бақылап, бүкіл аймақта барынша тренд қалыптастыру өте маңызды. Шығысымызда тұтас құрлықты стратегиялық тұрғыда байланыстыруды көздейтін маңызды әрі ауқымды бастама – ҚХР-дың «Бір жол – бір белдеу» жобасы бар. Солтүстік – Оңтүстік желісіндегі сауда-экономикалық қатынасқа сұраныс бірнеше есе артты. Біз, шын мәнінде, осы үдерістердің бел ортасындамыз. Қалыптасып келе жатқан осы жаһандық экономикада біздің қандай рөл атқаратынымыз өзімізге байланысты. Өткен жылдың оқиғалары «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізін «жаңа жаһандық логистиканың» басты элементі ретінде дамыту қажет екенін тағы да анық байқатты. Аталған меридианды дәліз Транскаспий халықаралық көлік бағытының ендігімен сәйкес келеді. Сондықтан екі бағытты да үйлесімді әрі жүйелі түрде дамытса, бірін-бірі толықтыра түсетінін көріп отырмыз. Бұл тек өнеркәсіп, көлік және экономика салаларын дамытпайды. Сондай-ақ бұл бағыттар алып Еуразия кеңістігіндегі өзара қарым-қатынас пен кооперацияны түбегейлі өзгерте алады. Мен бұл туралы бекер айтып отырған жоқпын. Өйткені дәл қазір көлік логистикасы халықаралық ынтымақтастықта алға шықты. Шын мәнінде, халықаралық нарықта көлік бағдарларына, логистикаға және басқа да салаларға иелік ету үшін күрес жүріп жатыр. Бұл – барлық мемлекет үшін пайдалы бизнес. Еуразиялық экономикалық одақ осы бағытта маңызды рөл атқаруға тиіс деп ойлаймын. Одақтың ең басты саяси және экономикалық серіктесі – Қытай Халық Республикасымен тиімді қарым-қатынас жасаудың маңызы зор. Қытай – ең ірі жүк жөнелтуші әрі ең ірі тұтынушы ел,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы форум қатысушыларына өткен аптада ҚХР-ға мемлекеттік сапармен барғанын, сапар аясында Сиань қаласындағы құрғақ портта Қазақстанның логистикалық орталығының іргетасын қалағанын жеткізді. Президент бұл порт Орталық Азияға, Еуропаға, Түркияға және Иранға тікелей контейнер пойыздарын жөнелтетін негізгі хабқа айналатынына сенімді. Сонымен қатар Бақты – Аягөз учаскесінде теміржол байланысын іске қосу және ҚХР бағытында бөлек шекара өткелін салу жоспарланып отыр.

*– Біз Ресеймен нәтижелі ынтымақтастық құруға ниеттіміз. Себебі бұл жоба тек Қазақстаннан ғана емес, Батыс Сібірден де ҚХР-ға тауар жеткізу мерзімі мен қашықтығын едәуір қысқартады. Тағы бір маңызды мәселе. Физикалық инфрақұрылымды дамытудан бөлек, «жұмсақ» инфрақұрылымды қалыптастыруға баса мән беру қажет. Яғни, цифрландыру, кедендік әкімшілендіру ісін оңтайландыру және әкімшілік жүктемені азайту. Жалпы, қазір біз Еуразияда бұрын-соңды болмаған жаңа көлік құрылымын қалыптастырып жатырмыз десек, артық айтқандық емес. Бұл іске тыңғылықты әзірлікпен әрі жұмыла кіріссек, біршама экономикалық және саяси пайдаға кенелеміз. Бізде толыққанды және конструктивті халықаралық ынтымақтастықтың қаншалықты маңызды екендігі туралы ортақ түсінік бар деп ойлаймын. Жалпы, ЕАЭО халықаралық ынтымақтастықты дамытуға басымдық беріп, өзінің танымалдығын, сонымен қатар халықаралық қауымдастықтағы беделін арттыруға тиіс. Әрине, Еуразиялық одақтың беделі осы ұйымдағы бірлескен жұмысымыздың нақты нәтижелеріне негізделуге тиіс. Сондықтан Қытаймен, Үндістанмен, Вьетнаммен, Иранмен, Мысырмен, Израильмен, Сербиямен және басқа да серіктестермен белсенді қарым-қатынас жасау – Одақтың кемелдене түскенін және оның сауда-экономикалық тұрғыдан тартымды екенін білдіретін маңызды көрсеткіш. Өткен жылдан бері Индонезиямен және Біріккен Араб Әмірліктерімен еркін сауда жөнінде келісім жасау туралы келіссөз жүргізе бастадық. Мен бұл бағыттарды өте маңызды деп санаймын. Сондықтан Еуразиялық комиссия шұғыл әрі жауапты жұмыс атқарады деп сенемін,* – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Одақты дамытудың жаңа басымдықтарын анықтау қажеттігіне назар аударды.

*– Кез келген істі қолға алғанда әрдайым қазіргі проблемаларды ғана шешіп қоймай, келешектегі жұмысты да жоспарлау керек екені сөзсіз. Сондай-ақ айналадағы жағдайдың өзгеруіне байсалды қарау керек. Мұның бәрінің берік негізі болуға тиіс. Іргетасы неғұрлым мығым болса, соғұрлым мықты әрі ұзаққа төзімді ғимарат салуға болады. Ал біздің Одақтың іргетасы не? Одақ туралы келісімді толыққанды жүзеге асыру негізгі мәселе және солай бола береді. Қазақстан 2015 жылғы Шарттың негізінде дәл осы интеграцияны қолдайтынын тағы да атап өткім келеді. Яғни, «төрт еркіндік» және инфақұрылымға тең дәрежеде қолжетімділік, әділ бәсеке, тең құқық және ұлттық мүддені ескеру секілді негізгі қағидаттар мүлтіксіз сақталуы керек. Бұл – біздің ортақ ісіміздің негізгі қағидаттары. Қазақстан дәл осы қағидаттарды ілгерілетеді. Қазір тұрақты түрде туындайтын кедергілер мен шектеулер туралы көптеген деректі тізбелейтін уақыт емес деп ойлаймын. Мен бұл жағдайды шиеленістіруді жақтамаймын. Бірақ туындаған мәселелерді осында шешу керек. Бұл жерде тәуекел өте жоғары. Бұған дейін айтқанымдай, бұл – біздің Одақтың беделі. Біз, ең алдымен, өз халықтарымызға Одақтың маңыздылығын, оның тиімділігін көрсетуіміз керек. Ол үшін жан-жақты пысықталған, дұрыс шешімдер қажет. Интеграцияның өте күрделі процесс екенін түсінемін. Бұл барлық ұлттық мүддені бір арнаға тоғыстыратын өте нәзік жұмыс. Бірақ біз бұл жұмысты өзара келісе отырып жүргізуіміз керек. Бізге нақты нәтижелер қажет. Алға қойылған және жарияланған мақсаттардың басым бөлігіне әлі де қол жеткізілмеді. Сондықтан, ең алдымен, Одақ аясындағы ынтымақтастықтың негізгі міндеттерінің орындалуын соңына дейін жеткізуге баса мән беруіміз қажет деп ойлаймын. Мұны істемесек, алдымызға асқақ мақсаттар қою қиын. Жаңа нәрсені енгізбестен бұрын осыған дейін бірге жоспарлаған дүниелерді іске асыруға барынша күш салуымыз қажет. Экономикалық интеграция түпкі мақсат емес. Бұл тек ұйымға мүше мемлекекеттердің экономикасын дамытудың және халықтарының әл-ауқатын жақсартудың бір құралы екенін түсіну маңызды. Сондықтан экономикалық интеграцияның жетістігі стратегиялар, келісімдер және шешімдердің санымен емес, керісінше, жаңа өндірістер, технологиялар және жұмыс орындарымен бағаланады. Біз үшін ЕАЭО аясындағы интеграция, ең алдымен, экономикалық сипатқа ие. Әрине, стратегияда айтылған кез келген басқа саланың маңызы бар. Бірақ оларды экономика тұрғысынан қарастыру керек,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан ТМД, ҰҚШҰ аясында, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастық шеңберінде жақын серіктестерімен әлеуметтік, мәдени, гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға дайын. Форматтарды араластыру бастапқы мақсаттан ауытқып, ресурстарды зая кетіруге әкеп соқтыруы мүмкін.

Сонымен қатар форумда Ресей Президенті Владимир Путин, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Армения вице-премьері Мгер Григорян және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович сөз сөйледі. Сондай-ақ ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бейнеүндеуі көрсетілді.

**akorda.kz**

# БИЫЛ 2,8 МЛН БАЛА ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒЫП, САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫМЕН ҚАМТЫЛМАҚ

***ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2022-2023 жылғы оқу жылының аяқталуы және каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру мәселесі қаралды.***

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев биыл оқу жылын 3,7 млн-нан астам оқушы аяқтайтынын айтты. Атап айтқанда, 11-сыныпты 172 мың түлек бітіреді, оның ішінде «Алтын белгіге» үміткерлер саны – 6,8 мың түлек. Қорытынды емтихандар 9-сынып үшін 4 пән бойынша 2-13 маусым аралығында, ал 11-сынып үшін 5-19 маусым аралығында 5 пән бойынша өтеді.

Жазғы демалыспен және сауықтыру шараларымен 1-10 сынып оқушыларының 85%-дан астамы, яғни әлеуметтік осал санаттағы 500 мыңға жуық баланы қоса алғанда, шамамен 2,8 млн бала қамтылады деп жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта жазғы лагерьлерде алдағы маусымға дайындық бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Жалпы 218 қала сыртындағы және 10 мыңнан астам мектеп жанындағы бейінді және шатыр лагерьлер өз есігін айқара ашады.

Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловтың айтуынша, жазғы демалыс аясында балалар үшін мәдениет саласы бойынша 500-ден астам, спорт және туризм саласы бойынша 300-ден астам іс-шара ұйымдастырылмақ. Атап айтқанда, бұл – мұражайлар мен киелі орындарға тегін экскурсиялар, кітапханаларды аралатып, спектакль көрсету, түрлі фестивальдар мен байқаулар ұйымдастыру.

Бұдан басқа республиканың барлық өңірінде балаларға бағытталған туристік өнімдер желісі кеңейтілетін болады. Сонымен қатар Kids Go Free отбасылық туризм бағдарламасын іске асыру жалғасады, оның аясында туристік пакет ішінде балалардың ұшақ билеттерінің құны субсидияланады. Бірінші жылдың қорытындысы бойынша бұл қызметті 1,5 мың бала пайдаланды – 700-ге жуық отбасы 70 млн теңге үнемдеді. Биыл 2 мыңнан астам бала осы бағдарламамен қамтылады деп күтілуде.

Балаларды сауықтыру және демалыс орындарында санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау жөніндегі шаралар туралы денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният баяндама жасады. Өңірлерде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Маңғыстау облысының әкімі НұрланНоғаев және Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы айтып берді.

Премьер-Министрдің айтуынша, мемлекет инфрақұрылымды дамыту, білім сапасын көтеру, тәрбие жұмысын күшейту, балаларды қосымша біліммен қамту бағытында жүйелі түрде тиісті жұмыстарды жүргізуде.

*«Бірнеше күннен кейін кезекті оқу жылы аяқталып, балалар жазғы демалысқа шығады. Оны пайдалы әрі қызықты өткізгісі келеді. Сондықтан біз бала денсаулығын нығайтуға, білімдерін толықтырып, жақсы демалуына жағдай жасауымыз керек»,* — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, балалардың спорт секцияларына және шығармашылық үйірмелерге тегін баруына мүмкіндік беру үшін жергілікті бюджеттен 93 млрд теңге бөлінді. Оқушыларға арналған 50 сауықтыру лагерін, 100 инновациялық шығармашылық орталығын салу бойынша жұмыстар басталып кетті. Бұл нысандардың құрылысы 2026 жылы аяқталуы қажет.

Сонымен қатар Премьер-Министрдің айтуынша, өңірлерде балалардың жазғы демалысы мен бос уақыттарын тиімді өткізу ісі көп жағдайда формалды түрде ұйымдастырылады.

*«Әсерлі, мағыналы іс-шаралар аз. Көбіне сапасы сын көтермейді. Ауыл балаларына да қажетті деңгейде көңіл бөлінбейді»,* — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру кезінде көптеген маңызды мәселелерді ескеру қажеттігін айтты. Әсіресе, балаларға арналған бұқаралық іс-шаралар, соның ішінде қорытынды емтихандар бекітілген кестеге сәйкес сапалы өтуі тиіс.

*«Жазғы демалыста балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы керек. Ішкі істер, Төтенше жағдайлар, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау министрліктері, өңір әкімдері тиісті қызметтердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі қажет»,* — деді Үкімет басшысы.

Осы орайда әкімдер жаз айларында оқу орындарындағы қауіпсіздік жүйелерін жаңғыртып, жабдықтау жұмыстарын күшейтуі тиіс.

Премьер-Министр өңір әкімдіктеріне әлеуметтік осал топтағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастырып, оларды сауықтыру шараларымен барынша қамтуды тапсырды.

*«Ауыл балаларының бос уақытын тиімді өткізу ерекше назарда болуы керек. Олар үшін спорт алаңдары мен даму орталықтарын жабдықтап, ойын-сауық, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру қажет»,* — деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Үкімет басшысы шалғай елді мекендерде балалардың денсаулығына скрининг жасау, стоматологиялық тексеру жүргізу үшін жылжымалы медициналық пункттердің жұмысын ұйымдастыру керектігін айтты. Одан бөлек қоғамдық орындарда балалардың тамақтану сапасын бақылау, тамақтану және ойын-сауық орталықтарындағы санитариялық жағдайды қамтамасыз ету маңызды екені айтылды.

Қорытындылай келе, Әлихан Смайылов ішкі туризмді дамыту шеңберінде экскурсиялық-танымдық іс-шараларды ұйымдастырып, балалардың табиғат аясына саяхаттарын көбейтіп, каникул кезінде оқушылардың музейлерге, театрларға, қорықтарға, ұлттық парктер мен спорттық объектілерге тегін баруларын қамтамасыз етуді тапсырды.

**primeminister.kz**

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНА ТҮСЕТІН ШАҒЫМДАР САНЫ 8% - ҒА АЗАЙДЫ



***Ағымдағы жылдың басынан Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми кері байланыс арналары арқылы Жетісу облыстың медициналық ұйымдарына 129 өтініш пен шағым түсті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 8% -ға аз. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Жетісу облысы әлеуметтік медициналық сақтандыру Қоры филиалының директоры Гульзия Таипова баяндады.***

Оның айтуынша, негізінен халық көрсетілген медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына шағымданады. Осылайша, жыл басынан бері облыс тұрғындарынан 111 шағым түсті. Ал түсіндіру мен консультацияларды талап ететін мәселелер бойынша 18 өтініш тіркелген.

«Көп жағдайда халықтан көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына, консультациялық-диагностикалық қызметтерді ұзақ күтуге, медициналық қызметтерге жолдама алуға, ТМККК және МӘМС пакеттеріне кіретін қызметтердің ақылы негізде көрсетілуіне, дәрілік препараттардың жеткіліксіздігіне, медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімдері мен стационарларындағы қызметтің сапасына жиі шағымдар түседі»,- дейді филиал директоры.

Медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету үшін филиал сарапшылары ағымдағы, мақсатты, жоспардан тыс, белсенді мониторингтер жүргізеді. Соның нәтижесінде жыл басынан бері медициналық қызмет көрсетудің 41 расталмаған жағдайы, яғни қосып жазу фактілері анықталды.

Сондай-ақ, спикер, әрбір адам Damumed және MISZHetysu мобильді қосымшалары арқылы өзінің амбулаториялық картасында көрсетілген медициналық көмек туралы ақпаратқа қол жеткізе алатынын атап өтті. Егер пациент қосып жазу фактілерін анықтаған болса Қордың филиалына хабарласуға немесе Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, fms.kz ресми сайты, Telegram қосымшасындағы @Saqtandyrýbot арқылы өтініш қалдыра алады.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Жетісу облысында 159 мыңнан астам азамат әлі күнге дейін сақтандырылмаған, ал 539 мыңнан астам адам МӘМС жүйесінде «Сақтандырылған» мәртебесіне ие. Оларға ТМККК және МӘМС шеңберінде медициналық қызметтерді Қормен шарт жасасқан 60 медициналық ұйым ұсынады, оның ішінде 27 мемлекеттік және 33 жекеменшік.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТАЛДЫҚОРҒАН АУДАНДЫҚ ПАЙДАЛАНУ БӨЛІМІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ ҚОРҒАНЫС МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

***Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 84, 85, 86, 120-баптарын «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-тарауын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 12-3)-тармақшасын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің хатын басшылыққа ала отырып, Ескелді ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:***

1. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Талдықорған аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне қорғаныс мұқтажы үшін осы қаулыға қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес, жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоюға байланысты, мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары басталсын.

2. Мемлекет мұқтажы үшін алып қойылатын жер учаскесінің меншік иесі көрсетілген қаулымен келіспеген жағдайда мәжбүрлеп иеліктен мерзімін хабарлама алған кезден бастап үш ай өткеннен кейін, жер учаскесінің мәжбүрлеп шығарудың күні 2024 жылдың 31-желтоқсанына дейін деп айқындалсын.

3. Мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың келісім рәсімдерін жүзеге асыру меншік иесінің жүгінетін орыны «Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, мекен жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, №65 ғимаратты 3 қабат, 20 бөлме. Байланыс телефоны 3-17-68.

5. «Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

6. «Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей, меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама таратсын.

7. «Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мен «Ескелді ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемелеріне:

1) мемлекет мұқтажына түсетін жер учаскелерге 2 ай мерзімі ішінде қанша қаражат қажет ететінін анықтасын;

2) меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар хабарлама алғаннан кейін Ескелді аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясында қарау мен келісу үшін жер учаскесін сатып алу шарттарының жобаларын ұсынуға материалдарды дайындасын;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған өзге де өкілеттіктер жүзеге асырылсын.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары А. Исабековке жүктелсін.

**Ескелді ауданының әкімі Е. Ахметов**

**Ескелді ауданы әкімігінің №____2023 жылғы «_____» __________ қаулысының №______ қосымшасы**

## Қорғаныс мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

| № | Кадастрлық номері | Аты-жөні/ атауы | Жалпы көлемі, га | Иеліктен шағарылатын жердің көлемі, га | Орналасқан жері | Нысаналы мақсаты | пайдалану құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 03264109140 | Манасов Бакытжан Жутинтаевич | 15,0 | 0,0990 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 2 | 03264109168 | Искаков Мадениет Капарович | 4,6 | 3,1980 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 3 | 03264109172 | Кумисбекова Гульжамиля Хамзановна | 5,0 | 2,8490 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 4 | 03264109173 | Саурбаев Алпамыс Атанбекович | 50,0 | 5,5630 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 5 | 03264109174 | Есжанов Сундетпай Кибанович | 10,0 | 9,3730 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 6 | 03264109196 | Мамажанов Малик Айткажинович | 5,0 | 4,8450 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 7 | 03264109202 | Болсамбекова Нияз Абдыкадырович | 10,0 | 10,0 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 8 | 03264109208 | Акчулаков Канат, Акчулакова Анара Мейрмановна | 23,0 | 23 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | жеке меншік |
| 9 | 03264109211 | Тилеубаев Султан Курманалиевич | 15 | 0,9760 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 10 | 03264109216 | Нурдаулетов Болат Кыдыркожанович | 5,0 | 5,0 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | жеке меншік |
| 11 | 03264109221 | Садыков Курман Шорманович | 40,0 | 40,0 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 12 | 03264109227 | Есжанов Сундетпай Кибанович, Керейбаев Ергали Рамазанович | 5,0 | 1,6780 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 13 | 03264109250 | Садыков Курман Шорманоыич | 2,0 | 0,8870 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 14 | 03264109228 | Ауганбаев Уксикбай Нартбаевич | 2,0 | 2,0 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | жеке меншік |
| 15 | 03264109237 | Абишев Канат Мухамедриярович, Шинтемирова Кулпаран Чайкуловна | 18,17 | 18,17 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | жеке меншік |
| 16 | 03264109276 | Кенжебеков Бейсенбай Дантаевич | 7,5 | 7,5 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 17: | 03264109277 | Кенжебеков Бейсенбай Дантаевич | 7,5 | 7,5 | Қоңыр ауылдық округі | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| | Барлығы: | | 224,77 | 142,638 | | | |

**Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Қ. Қожахметов**

# «ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ

***Ветеринария саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізбесіндегі «Ветеринариялық анықтама беру» ауқымды, әрі өзекті бөлігі болып табылады. Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығының 4 тарауында ветеринариялық анықтама беру тәртібі айқын көрсетілген:***

1. Ветеринариялық анықтаманы алу үшін жануардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орнын ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушы бекітілген қосымша №12-де көрсетілген жазбаша өтініш ұсынады. Ветеринариялық анықтаманы жергілікті ветеринариялық пункт, жануардың ветеринариялық паспорты және жеке нөмірі, ветеринариялық тексеріп қарау нәтижелері, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық жағдайы, ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру жүйесіндегі жануарлар туралы мәліметтердің негізінде, жануарға және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатка беріледі;



2. Ветеринариялық анықтама тек жұмыс күндері сағат 09:00-18:30 дейін (түскі үзіліс 13:00-14:30) ғана рәсімделеді;

3. Жануарға, жануардан алынатын өнім мен шикізатқа, азыққа берілген ветеринариялық анықтама межелі пунктке дейін, ал жануардан алынған сүтке берілген ветеринариялық анықтама берілген сәтінен бастап бір ай ішінде жарамды;

Жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың, азықтың шыққан жерінің эпизоотиялық ахуалы өзгерген жағдайда бұрын берілген ветеринариялық анықтама алып қойылады.

4. Ет және ет өнімдеріне (қосымша өнімдер) ветеринариялық анықтама ветеринариялық (ветеринариялық-санитариляық) қағидаларына сәйкес бекітілген тәртіппен қойылған ветеринариялық таңба немесе мөртаңба белгісі болған кезде беріледі. Былғары-үлбір шикізатына ветеринариялық анықтама жануардың жеке нөмірі көрсетілген белгі болған жағдайда беріледі.

5. Ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігері жануардың, жануардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық қарап-тексергеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда немесе одан алынған үзіндіде бар жануарлар туралы мәліметтер сәйкес келмеуінде, ветеринариялық паспорт, сондай-ақ жүгіну сәтінде аумақтың эпизоотиялық ахуалының өзгеруі наширлауы кезінде, көлік құралының ветеринариялық-санитариялық ахуалын бағалау негізінде заңда көрсетілген қағидаларға сәйкес келмеуі мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші немесе ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігер қол қойылған және мөрмен куәландырылған ветеринариялық анықтаманы беруден уәжді бас тартуға құқығы бар;

6. Ветеринария саласындағы маман, ветеринариялық дәрігер жүгіну сәтіндегі аумақтың эпизоотиялық ахуалын ескере отырып қол қойылған және мөрмен куәландырылған азыққа арналған ветеринариялық анықтаманы береді.

7. Ветеринариялық анықтама жануарға, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа беріледі және көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні ресімделеді.

8. Ветеринариялық анықтама Қазақстан Республикасының аумағында жарамды.

**Е.Т.ҚИЯЛБЕКОВ,
«Жетісу облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ветеринариялық пункттері бар Ескелді ауданының ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директоры**

# «АҚ ЖҮРЕК, ТАЗА АҚЫЛ, АДАЛ ЕҢБЕК»: ШӘКӘРІМ АМАНАТТАҒАН ҮШ ҚАСИЕТ



**Ақ жүрек пен Таза ақыл,**
**Қылсаң Адал еңбек,**
**Бәрінен де сол мақұл –**
**Артқыға жол бермек!**
**ШАҺ-КӘРІМ**

Сөздің құдіретті, сөздің киелі, сөздің қадірлі болмағының себебі – мынау жарық әлемде ең әуелі сөздің жаратылғандығын білдірсе керек. Жаратылысының басы мен соңы болмаған, әуелден бар және мәңгілік бола беретін Құдай тағала біз білетін, білмейтін, аталарымыздың айтуынша осылай есептеліп келе жатқан он сегіз мың ғаламнан бұрын СӨЗДІ жаратқан. Оған мысал ретінде Құрандағы Рахман сүресінің сексен екінші аятын келтіре кетейін. «Ол бір нәрсені (жаратуды) ниет қылса, оның бұйрығы оған «бол!» деу ғана. Сонымен ол бола қалады». Яғни, Ұлы Алла бір нәрсені жаратпас бұрын «бол!» деген сөзді айтқан. Осы аяттың өзі-ақ әр жаратылыстың басында «бол!» деген жалғыз ауыз сөздің тұрғанын дәлелдейді. Осыдан-ақ Құдайын таныған пенденің сөздің құдіретін сезініп, киесин түйсініп, қадіріне жетіп, дұрыс сөйлейтінін түсінуге болады. Бұқар жырау бабамыздың:

**Ел бастау қиын емес,**
**Қонатын жерден**
**көл табылады.**
**Қол бастау қиын емес,**
**Шабатын жерден**
**ел табылады.**

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ, – деген қорғасын ойынан да сөз салмағының қаншалықты ауыр екенін бағамдай беріңіз. «Сөз сүйектен өтеді» деген елдің ұрпағы емес пе едік?! Бір замандары солай болған-ау шамасы. Біз өмір сүріп отырған қоғамда сүйектен өтпек түгілі құлаққа жетуден қалды. Сөзден кие қашты, жүйесі бұзылды, қадірі кетті. Оған бүгінгі қоғам дәлел! Неге бұл тақырыпқа кенедей жабысып қалды демеңіз. Әсілі, қазақ ұлысы сөзбен өскен, өркен жайған халық. Данышпан Абай атамның: «Туғанда дүние есігін ашады өлең» дегенінің бір ұшы шарана өмірге келгенде анасының немесе әжесінің бесік жырында айтқан өлең-сөзде жатыр. Әже әлдиімен бірге бесік жырындағы небір батагілекті тыңдап, түсінбесе де әуезді әуенге ұйып, маужырап жатқанда құдіретті сөз оның құлағынан кіріп, бойын алып, өскенде сөзінде тұратын, уәдеге берік, аманатқа қиянат жасамайтын перзентке айналған бабаларымыз қаншама?! Сондай дара тұлғаның бірі өзінің зеректігімен бала кезінен сөз ұстаған Шәкәрім қажы да жеті жасынан әкеден айырылып, жетім қалғанымен жетесіздік танытпады. Хакім Абайға аталас ағайыным деп қана қарамай, сөзін тыңдап, өзінің ұстазы тұтты. Ұстазының жақсылығынан ұстанымы да берік болып, ағасы сияқты артына өлмейтұғын сөз қалдырды. Ендеше дана бабамыз аманат еткен қандай сөз екен бірге саралап, санамызда салмақтап көрейік.

Шәкәрім атамыз: «Сөзіңді түзе – әдетіңе айналады. Әдетің – мінезіңе айналады. Мінезің – тағдырыңа айналады», – депті. Бұдан түйеріміз – маңдайға жазылған тағдырын мағыналы өткізу де, талапайға тастап, талқандап алу да пенденің өз қолында. Дұрыс сөйлеп, жақсы әдетпен мінезін қалыптастыруда. Жалпы атамыз қазақтың – кісіні киіміне қарап қарсы алып, сөзіне қарап шығарып салуының да мәні тереңде жатыр-ау. «Аяғы былғаныш – есіктен төрге дейін, аузы былғаныш – бесіктен көрге дейін былғайды». Бабамнан жеткен оймақтай ойдың астарына үңілсеңіз, сөзден табатын кесапаттың қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Дертпен тең келетін сөз өнері арқылы Шаһ-Кәрім қажы да артындағы ұрпағына ақылдың кенін қалдырып кетті. Сол сөз қазынаны өз өмірімізде дұрыс пайдаланып, дүние байлығына мастанбай, рухани кемелдікте күн кешсек, бұл жалғанға текке келіп кетпегеніміз.

**Мен кетемін,**
**Келеді тағы өмірге**
**мендей.**
**Олар мінді көреді,**
**Қисық жерін жөндей.**
**Бара-бара айқындалып**
**Ақтық істің анығы,**
**Адасқанмен хақиқатқа**
**Қоймақ емес сенбей!**

Қажы атам айтқандай мен де кетем бұл өмірден, мендей біреу тағы келеді. Бәрімізге де солай. Басқа жанның бойындағы кемшіліктен сабақ алып, өз болмысымыздағы мінімізді түзей білсек, яғни, қисық жерімізді түзете алсақ, онда атадан қалған аманат сөзден нәтиже шығарғанымыз. Ақтың ісі – Хақтың ісі, хақиқатқа сену – Хаққа сену. Адам баласы мынау жарық әлемде Ақтың ісін істеп, Хаққа сенгенде ғана хақиқатқа қол жеткізе алады. Олай болмағанда жалғанның қызыл-жасыл бояуына алданып, әзәзілдің ермегіне айналып, ақиқаттан алыстай бермек. Мынау дүниеге пенде сынақ үшін келген десек те сынақтың көбі өзіміздің қателігімізден, сезіміздің қателігінен болып жататынын аңғара бермейміз. Білсек те мойындағымыз келмейді. Сөйтіп, кемшілік пен кінәні басқадан іздеп, кінәмшілдің күйін кешеміз. Әйтпесе, Мұқағали ақын айтқандай. «Мына дүние әділдіктен жаралған». Кімнің әділдігінен? Әрине, бізді жоқтан бар етуші Ұлы Жаратушының әділдігінен. Құдай тағаланың әділдігін мойындаған пенденің әрекеті де түзу болып, жүрегі нұрлы, ақылы кемел, еңбегі адал болмақ. Қажы атамның сөзіне зер салайықшы:

**Ақ жүрек пен Таза ақыл,**
**Қылсаң Адал еңбек.**
**Бәрінен де сол мақұл –**
**Артқыға жол бермек.**
**Арсыздардың түкке тұрмай**
**Арам ойы жойылып,**
**Аяғында хақиқатты**
**Бұл үшеуі жеңбек.**

Адамзат баласының азғындыққа жол беріп, жамандықтың ауылына жарысып бара жатуының басты себебі – жүрегін қарайтып, жұдырықтай ғана жұмсақ етті қатайтып алғандығынан ғой. Тот басқан темірдің қадірі болмайтыны сияқты, қарайған жүректен де қасиет қашады. Тоттанған темірге де бір сәт көңіл бөліп, жуып, сүртіп, тазалап пайдаңызға асырып, кәдеңізге жаратқаныңыз сияқты тастай қатып бара жатқан жүректі де Хақты еске ала отырып, Ақтың ісін істеп, ізгі амал жасау арқылы нұрландырып, тыныштандыруға болады. Өйткені, қасиетті Құран Кәрімнің Рағыд сүресінің 23 аятында:«Естеріңде болсын, жүректер Алланы еске алумен жай табады», – деп анық айтылған. Яғни, иман нұрына бөленген пенденің Ақ жүрек, Таза ақыл мен Адал еңбек иесі болмауы ешқандай дау туғызбайды.

Кімнің бойынан Шәкәрім қажы айтқан осы үш қасиет табылса, сол адамға қиянат жасаған арсыздардың арам ойы іске аспай, тіпті, түкке алғысыз болып қалары ақиқат. Алманың ағашынан алысқа түспейтініндей, ұстазы дана Абайдың: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек», – дегені мен Шаһ-Кәрім қажының «Ақ жүрек, Таза ақыл, Адал еңбек», – деуі тонның ішкі бауындай қабысып, әдемі үндесіп тұр емес пе?

Дәл қазіргі қоғамда бабалар дәуіріндегідей сөз қадірін, өз қадіріміздей бағаласақ, бірталай кем дүниенің орны толық болар еді-ау. Баяғыда балалықпен шалалық жасап қойған сәтте әкемнің: «Айтқан сөз құлағыңа кірмейді екен», - деп кейігені бар еді. Бәлкім, сол кезде тақылдап тақпақ айтып, сөз түсіне бастағанымнан болар, әкем осылай зірк ете қалғанда жаныма зілдей әсер еткен. Екінші қайтара бұл сөзді естімеуге, яғни, айтқызбауға тырыстым. Мүмкін анамның «әкеңе айтам», «әкең келе жатыр» деген сөзді санама құйып тастағанынан да шығар, әйтеуір әкенің бір қарағандағы қабағы біраз нәрсені ұқтыратын.

Осылайша Ақ жүрегіммен Таза ақылға сүйеніп, Адал еңбекпен нан табуға үйрендім. Шәкәрім қажының асыл сөздерін зейін қоя оқып отырып, осы жолдарға кездескенде бір кездегі әке мен ана тәрбиесі көз алдыма келе қалды. Жоғарыда мысалға келтірген анамның екіауыз сөзі әкеме бірауыз сөз келтірмей өсуіме себеп болды.

Ұлы Даланың дара ділмарлары осындай аманат сөз қалдырып кетті. Енді одан тәлім алып, асыл сөзді кәдемізге жаратып, пайдаға асыру менің ғана емес, бар қазақтың міндеті. Бүгінгі таңдағы баба тілінің бағы ашылмай жатуы да атадан қалған асыл сөзді аяқ асты етуімізден. Сертке ұстаса семсер, сезімге салса сұлу тіліміздің қадір-қасиетін ұлқызымызға дұрыс ұқтыра алмауымыздан.

Нәтижесінде, жастарымыздың көбі жел сөзге желпініп, желік қуып жүр. Әйтпесе, бабадан мұрағa қалған асыл сөздің әр жолы тәрбиенің қайнар көзі емес пе? Оқып көріңізші Шаһ-Кәрім қажы сөз өнері арқылы бізге қандай ақыл айтып отыр. Мақаланың өн бойында мысалға келтіріп отырған дана бабамыздың әр шумағы емес, сол шумақтардың бір-бір тармағының өзі бізді әділдікке, туралыққа, еңбекке, адалдыққа жетелеп әкетеді. Осыны оқып, осындай жолмен ғана жүрсек, қанеки!

**Сен бола гөр аққа жақ,**
**Болам десең адам.**
**Адал еңбек берер бақ,**
**Бассаң соған қадам.**
**Айнымайтын**
**ақ жүрек пен**
**Таза ақылды адамның,**
**Таппасы жоқ бұл өмірде,**
**Осыныңды ұқ балам!**

Мына сегіз тармақтың алғашқы төрт жолының өзі Абай атам айтқандай «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», айналасы жұп-жұмыр тегіс келіп, қандай салада, қандай қызметте еңбек етсеңіз де адамдық биігіне адастырмай апаратын темірқазықтай бағыт сілтеп тұр ғой. Адам болам десең, аққа жақ бол дейді қазына кеуде қажы. Осыдан-ақ, аққа Құдай жақ екенін кім жоққа шығара алар екен?

Осы бір оймақтай ойды зерделей қарасаңыз, тағы сол Абай мектебінің үлгісін көруге болады. Ибраһим хакімнің: «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген жолдарының жұпары аңқып тұр. Аға ақылынан нәр алған іні сөзі де адал еңбекке үндеуде. Бақ-дәулет те, байлық-береке де осы адал еңбекте емес пе? Әкеңіз тірі болса, қасына барып әңгімелесіп көріңізші. Немесе өмірден өтіп кетсе, айтқан ақылын есіңізге түсіріңізші. Дәл осы Шәкәрім атамдай кестелеп айтпаса да осы мазмұнда сізге талай жөн сілтеп, жол көрсеткенін қалай ұмытарсыз?

«Ақылыңды лайламай, таза жүріп, ақ жүрегіңмен бөтеннің ала жібін аттамай алға бассаң, іздеген мұратыңа жетесің, осыны ұғып ал, балам!» - деп ақыл айтып отырған әкемнің бейнесі елестеп, жарқын бейнесі санамда тағы бір жаңғыра кетті.

Міне, жүйелі сөздің киесі. Міне, бала жасынан сөз ұстаған Шәкәрім атамның ақылман абызға айналған тұсы. Өзі өлсе де, өлмейтін сөзі қалды. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» дегенімізбен бойына сөз өнерін Құдай берген Құдайберді баласының асыл сөзі бар қазаққа азық. Біздің қазіргі кезде рухани азып бара жатқанымыз, ғасырлар өтсе де оңып, өзгермейтін, бұзылып, айналасын былғамайтын дария кеуде данышпан бабаның азығын жан дүниемізге қорек ретінде пайдалана алмауымызда.

Шынайы жазылған көз келген көркем шығарманың өзі ала білсеңіз жаныңызға мол азық береді. Ал Шаһ-Кәрім бабамыздың бізге қалдырған аманаты өлеңсөзбен өрілген өсиет емес пе? Талғам таяздanып, құндылықтар құлдырап бара жатқан дәуірде атадан қалған асыл сөзге де бір бұрылып қарап қоюды ұмытпайық. Жай ғана қарап қоймай, өміріміздің өнегелі болуы үшін кәдемізге де жаратып жүрейік. Өйткені бұл – Шәкәрім атамнан қалған аманат!

**Жұматай ӘМІРЕЕВ**





# ТАУАРЛЫ СҮТ ФЕРМАСЫ ІРГЕСІН КЕҢЕЙТПЕК

***Жетісу облысында сүт шаруашылығы дамып келеді. Заманауи үлгідегі тауарлы сүт фермаларының бірі Ескелді ауданы Көкжазық ауылында орналасқан. Бұл Қазақстан мен Иранның бірлескен жобасы, оның І кезеңі сәтті жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда фермада 270 бас сүтті Гольштейн тұқымы бар. Әзірге тайыншалар күніне 1500 литрге дейін сүт береді, бірақ мамандардың айтуынша, тиісті күтімнің арқасында жыл сайын сүт беру көлемі арта түспек. Қазір бір сиыр тәулігіне 30 литрге дейін сүт берсе, кейіннен бұл көрсеткіш 40-45 литрге дейін жетеді. Келешекте фермадағы сүтті сиыр саны 610 басқа дейін ұлғайтылады, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

Германиядан әкелінген қара ала тайыншалар жергілікті климатқа бейім. Сүт өнімділігі бойынша Гольштейн тұқымы ірі қара малдың ішіндегі ең үздігі, оған қоса оны әмбебап тұқым деп те атайды, себебі оны сүтті де, етті де деп санайды. Мұны Ескелді ауданының фермерлері де растап отыр.

— 40 жылға жуық мал шаруашылығы саласында еңбек етіп келемін. Бұрын мұндай тұқымға күтім жасап көрмеген едік, қазір үйрендік. Тұқымы өте жақсы, сүті де, еті де мол. Бұзауларға жақсы күтім жасалса, олар тез-ақ өседі. Бұл тұқымның 5-6 айлық бұзауларының өзі біздің жергілікті тұқымдардың бір жасар бұзауларымен бірдей. Әрине, оған күтім, жақсы азық пен климаттық жағдайлар да тікелей әсер етіп отыр, — дейді ферманың ветеринар дәрігері Байкал Көптілеуов.

Кәсіпкерлер бірнеше жыл бұрын сүт фермасын құруды қолға алып, 2021 жылы ашты. Инвесторлар өз есебінен сиыр қораларын салып, алғашқы малдың басын тікелей Германиядан әкелді. Енді ферманы кеңейтпек ойлары бар. Қаражаттың жартысын қазақстандық, жартысын ирандық инвесторлар салған.

— Бірінші кезеңінде сауын мал басын 270-ке жеткіздік, екінші кезеңде 440-қа, үшінші кезеңде 610 басқа дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. Ал жас төлдермен бірге фермада жалпы саны 900-ге жуық мал ұстаймыз. Қазір сиырларымыз тәулігіне 1000-1500 литрге дейін сүт береді, кейіннен мұны 2500 тоннаға жетеміз. Бұл сүтті тұқым. Бірінші төлдегеннен кейін тәулігіне 20-27 литр, екінші туыттан кейін 30-35 литр сүт береді, — деді «Сүт Мастер-М» ЖШС директоры Фарид Джахангири.

Кәсіпкерлер бизнесті қолдау бағдарламалары арқылы мемлекеттің көмегін аламыз деген үмітте.

— Іргемізді кеңейтсек пе дейміз. 270 сиыр сиятын орын бар, енді ары қарай құрылысты кеңейтіп салу керек. Кем дегенде 500 млн. теңгені өз қаражатымыздан құюды жоспарлап отырмыз. Жеңілдікті шарттармен несие алсақ, жақсы болар еді. Осы жоспарларымызды жүзеге асыру үшін алдымен өз жем азығы базамыздың болуы мәселесін шешіп алуымыз керек. Бүгінгі таңда бізде 30 га жер бар, бірақ бұл жеткіліксіз, сондықтан жемшөптің көп бөлігін сатып алуға тура келеді. Бұл шығынды ғана емес, ең бастысы сүттің сапасына тікелей әсер ететін маңызды, өзекті мәселе, — дейді ферма директоры.

Фермада тұрақты жұмыс орындары құрылып, жергілікті ауыл мен көрші ауылдан тұрғындар келіп жұмыс істейді. Орташа жалақысы — 150-200 мың теңге, қызметкерлерге тегін түскі ас беріліп, тасымал да ұйымдастырылған. Мұнда 17 адам жұмыс істейді. Фермадағы процестердің 70%-ы автоматтандырылған, ал компьютерленген жабдық Швециядан жеткізіліпті. Кеңейтуден кейін жұмыс орындарының санын ұлғайту жоспарланып отыр. Жалпы «Сүт Мастер-М» фермасында өндірілетін сүт «Аркабаев ЛТД» ЖШС сүт зауытына жөнелтіледі.

Бүгінде Ескелді ауданында осындай 8 тауарлы сүт фермасы бар, оларда 1740-тан астам мал басы ұсталады. Қаңтар-наурыз айлары аралығында ауданда 7899,6 тонна сүт өндірілген. Ал жалпы Жетісу облысында барлығы 37 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді.

# ТҰШПАРА ТҮЙІП, ТАБЫС ТАБУДА



***Жетісулық кәсіпкерлер отбасы жиырма жылдан бері тұшпара жасап сату кәсібімен айналысып келеді. Өндіріс технологиясы үйде дайындалатын рецепке негізделген. Тұшпара қолмен түйіледі, тек қамырды илеу мен кесу операциялары автоматтандырылған. Қазір мұнда күніне 300 келіге дейін тұшпара, 90 кг вареник өндіріледі, ал өнім түрлері барған сайын молаюда, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

***Тұшпара бизнесін алғ***аш қалай бастағандарын еске алған цех басшысы Сергей Ли-Шан-Шин Талдықорған қаласында бала кезінен әкесінің самсаханасында көмектесе жүріп, ас әзірлеудің қыр-сырын меңгеріп алғанын айтады. Осы жылдар ішінде өз отбасын құрған соң отбасылық бизнесті жалғастыруға бел шешкен, оған қоса жұбайы технолог маман болып шықты. Алғашында несие алып, тұшпара түюді бастаған, өнімдерінің табиғи тазалығын алға тарта отырып, жартылай фабрикаттар дайындау цехын ашты. Сертификаттаудан өткен соң отбасы Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылында бизнесіне арналған үй-жайлары мен қажетті жабдықтарын реттеді.

— Біз 2006 жылы бастаған кезде тұшпарадан басқа ештеңе өндірген жоқпыз. Қазір картоп қосылған варник, фрикаделькалар, котлеттер, асқабақпен, пияз бен ет қосылған мәнті түрлерін дайындаймыз. Тұшпараның да бірнеше түрі бар. Біртіндеп өнім түрін көбейтіп келеміз. Мұның бәрі клиенттердің сұранысына байланысты. Айтпақшы, жақында чебуректер де дайындалып, сатыла бастады, — дейді «Ли-Шан-Шин» ЖК директорының жұбайы Найля Ли-Шан-Шин.

Ол тұшпараның үй рецепі бойынша дайындалып, түгелдей қолдан түйілетінін айтады. Өнім табиғи таза өнімдерден әзірленеді. Оған жергілікті жердегі мал — сиыр, жылқы, қой еті, отандық ұн қолданылады. Қосалқы қоспалар қолданылмайды. «Бұл – біздің басты ұстанымымыз», — дейді іскер әйел.

Қарабұлақ ауылында орналасқан бұл шағын цехта 25 жергілікті тұрғын тұрақты жұмыс істейді. Олардың арасында мұнда жұмыс істегендеріне 10 жылға жуықтағандар да бар. Солардың бірі Алмагүл Уван-сынова:

— Цехта жұмыс істеп жүргеніме 8 жыл болды. Біздің табиғи, экологиялық таза өнімдеріміз халық арасында жақсы сұранысқа ие, ешқандай қоспасыз, таза жаңа тартылған еттен әзірлейміз, — дейді.

Кәсіпорынның тағы бір қызметкері Марина Жолдасбекова тұшпара жасаумен 14 жылдан бері айналысып келеді. Күніне ол кем дегенде 20-30 келі тұшпара жасайды: «Қызметкерлердің көпшілігінің тәжірибесі мол. Тұрақты табысымыз бар, бұл біз үшін өте маңызды, өйткені біздің шағын ауылда өндіріс орындары көп емес», — деп атап өтті ол.

Кәсіпорын директоры Сергей Ли-Шан-Шин өнім түрлерін бұдан әрі көбейту үшін мемлекеттік қолдауға жүгінуді жоспарлап отырғанын айтады. «Біз қай кезде де туған өлкенің дамуына өз үлесімізді қосуға дайынбыз», — дейді кәсіпкер.

Мұндағы қызметкерлердің жалақысы 120 мың шамасында. Цех өткен жылдың екінші жартысында Ескелді ауданының қазынасына 18 млн. теңге шамасында салық құйған.

Атап өтсек, «Вкусняшки» брендімен шығарылатын кәсіпорын тұшпаралары мен басқа да жартылай фабрикаттары бүгінде жергілікті сауда орындарында ғана емес, сонымен қатар облыс орталығы Талдықорғанда, сондай-ақ Текелі қаласында және жақын аудандарда кеңінен саудаланады. Бүгінгі таңда кәсіпорын 10-ға жуық өнім шығарады, оның түрін әлі де ұлғайту жоспары бар.

Ескелді ауданында барлығы 3650 ШОБ субъектісі жұмыс істейді. Биылғы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ШОБ субъектілерінен 285,7 млн.теңге түсті, бұл 2022 жылғы деңгейден 64,8%-ға жоғары. Бұл ретте Жетісу облысында өнеркәсіп өндірісінде 525 кәсіпорын, оның ішінде 14 ірі және 16 орта кәсіпорын жұмыс істейді. Биылғы жылы аймақта 64 млрд. теңгеге 53 инвестициялық жоба іске асырылуда, оларда 920-дан астам жұмыс орны құрылады.

18 – МАМЫР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙЛЕР КҮНІНЕ ОРАЙ

# МУЗЕЙ – ТАРИХ ШЕЖІРЕСІ

***Өткеніміз бен бүгінімізді жалғап тұрған алтын көпір іспеттес, мәдени, рухани мұра орталығы – музей болып табылады. Тарихтың айнасы, халықтың қазынасына айналған – музейдің келер ұрпаққа берері мол.***

«Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұрама» кезеңіндегі жоңғар шапқыншылығына ұшыраған шақта елі үшін көкірегін қанжарға тосып, оққа төсеп, найза ұшымен, білек күшімен ел-жұртын бұдан екі ғасырдан астам уақыт бұрын сонау Сыр бойынан Жетісу өлкесіне алып келіп, түпкілікті атамекеніне Жетісу өңірінің шұрайлы жеріне қоныстандырған Ескелді би, Балпық батыр, Қабан жырау бабаларымыздың ататегінің кіндік қаны тамған, табаны тиген, өшпес ізі қалған құтты мекені, бүгінде өсіп-өркендеген ұрпақтарының туған жері, жер жаннаты Жетісудың төскейінен қоныстанған Ескелді ауданы, бұрынғы Шұбар, қазіргі Алдабергенов ауылында орналасқан - Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейі адамзат тарихындағы алатын орны ерекше.

Колхоз құрылысының көрнекті қайраткері, халықтың игілігі үшін ауыл бейнесін қалаға теңестіру мақсатындағы көрегендігі мен қайраткерлігі аңызға айналған тұлға, дала академигі, Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың құрметіне ашылған музей – Еңбек Ерлері мен батырлар шыққан ауыл тарихын қамтитын рухани орталық.

Н.Алдабергеновтың мемориалды музейі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1986 жылы 18 тамыз күні №236-р Жарлығымен КСР Мәдениет Министрлігінің 12 қыркүйек күні №275 бұйрығымен құрылды. Екі қабатты музей ғимараты жалпы 12 залдан тұрады, оның ішінде 9 залына Н. Алдабергеновтың өмірі мен еңбек жолы және колхоз тарихынан сыр шертетін экспонаттар қойылып, көпшілік назарына ұсынылған. Экспозициялардың үлкен бөлігінің бірі ортақ тақырыпқа – Н. Алдабергеновтың өмірбаяны мен еңбек жолына арналады Музейдің экспозициялық бөлмелері бірнеше бөлімнен тұрады және экспозициясына Н. Алдабергеновтың өмірі мен еңбек жолы және тұтынған бұйымдары сондай-ақ, колхоз тарихынан сыр шертетін экспонаттар қойылып, келушілердің назарына ұсынылған.

Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің экспозициясы қазақ елінің дала академигі, Қазақстандағы колхоз құрылысының көрнекті қайраткері, Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н.Алдабергеновтың есімі даналықпен, іскерлікпен даңқын Алатаудай аспандатқан еңбек адамының елі мен жерін ерекше қадірлеп сүйген ерен ердің, халықтың игілігі үшін ауыл бейнесін қалаға теңестіру мақсатындағы көрегендігі мен қайраткерлігі, аңызға айналған ұлан байтақ істері, ұлағаттары, ұстамдары, замандастарымен қарым-қатынасы тұрғысындағы үлгі тұтарлық ізгілікті ізденістері, ғибратты ғұмыры, ұйымдастырған шаруашылықтың алғашқы кезеңінен бастап, бүгінгі тыныс-тіршілігі түгелдей сипатталып, еңбекқор замандастарының есімдері құрметпен аталып, олардың шаруашылықты өркендетуге қосқан үлестері музей экспозициясында толықтай қамтылған

Музей қызметкерлері өлке тарихын кеңінен насихаттап, жұртшылыққа танытып, халықтың эстеттикалық талғамын, рухани мәдениетін ұштау мақсатында жұмысын атқаруда.

Музей жұмысының басты бағыттарының бірі бұл- ғылымизерттеу және жинастыру жұмыстары болып табылады, яғни музей қорын толықтырып отыру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Рухани қазына» кіші бағдарламасын іске асыру аясында жыл сайын музей қызметкерлері дәстүрге айналдырған «Музейге жәдігер сыйла» акциясын ұйымдастырып отырады. Қазіргі таңда музей қорында бес мыңнан астам жәдігер сақталуда. Қордағы рухани құндылықтар негізінде әрдайым тақырыптық көрмелер ұйымдастырылады және өз тарапынан жинақтау, сақтау, көрме ұйымдастыру жұмыстарымен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге музей қорын насихаттау және көркемсурет мәдениеті жайлы тұрғындарды кеңінен таныстыру мақсатында ағартушылық жұмыстарын жүргізуді өз алдына мақсат етіп қойған. Сонымен қатар Н.Алдабергеновтың еңбек жолын кеңінен насихаттай отырып, қоғамдық санада ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту мақсатында еңбегімен ел құрметіне бөленген Еңбек Ерлеріне, Ұлы Отан соғысы және тыл еңбек ардагерлері мен тарихи тұлғалар туралы музей деректерін қолданып, тақырыптық және шолу экскурсиялар, кездесу кештер, аса бай иллюстриативтік материалдарды пайдалана отырып лекциялар өткізіліп, сондай –ақ музей қорындағы көне жәдігерлер туралы көпшілікті таныстыру мақсатында «Бір экспонат сыры» айдарында құнды жәдігерлер тарихы насихатталып әлеуметтік желіге жарияланып отыр.

Қазіргі таңда музейлердің алдында болашақ үшін мәдени мұраны сақтау және мәнді құндылықтарды замандастар үшін көрсету, насихаттау мәселелері тұр. Мәдени құнды көне заттарды көрсету, жалпы адамзаттық мәнін ашу арқылы музейге келушілердің адамгершілік, рухани өсуіне әсер ету. Ағарту мақсаттарын әрбір музей өз саласына сай музейлік орта жағдайында іске асыруда.

**Г.ШАЙМУХАНБЕТОВА,**
**Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі**

# БАЛАЛАРДЫҢ САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

***Бірнеше аптадан кейін барлық оқушылар үшін көптен күткен жазғы демалыс басталады. Жаз – демалыс, ойын-сауық, денсаулықты қалпына келтіру уақыты. Ата-аналардың көпшілігінде балаларының жазғы демалысын қалай ұйымдастыруға болатындығы туралы мәселе туындайды. Ата-ананың барлығы дерлігі отбасылық бірлескен демалысқа шығып немесе баласына демалудың басқа түрлерін ұйымдастыра алмайды. Ата-анасы жұмыста болған кезде бала көбінесе үйде жалғыз қалып, компьютер, смартфон және теледидар алдында уақыт өткізеді.***

Ең оңтайлы шешімнің бірі – балаңызды балаларды сауықтыру объектілеріне, яғни жазғы сауықтыру лагеріне жіберу.

Балаларды сауықтыру объектілері (маусымдық және жыл бойы жұмыс істейтін) – ол балаларды сауықтыру, олардың демалысы кезінде жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасайтын, 6 жастан бастап балаларды сауықтыруға арналған объектілер, сондай-ақ балалардың демалыс базалары мен орындары. Мұндай уақыт өткізудің өзіндік артықшылықтары бар. Баланың бос уақытының көп бөлігі ашық ауада өтеді. Бұл денсаулыққа пайдалы әсер етеді. Баланың өкпесі оттегімен қанығып, ал терісі күн ванналарын қабылдайды. Оқушыларды тәртіп пен өзін-өзі ұйымдастыруға үйретеді, балалардың әл-ауқатына оң әсер етеді.

Балалардың сауықтыру объектілеріне қандай талаптар қойылады? Балалардың сауықтыру объектілері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығымен бекітілген «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Балаларды сауықтыру және санаторий объектілерінде балаларды тамақтандыру кемінде бес рет, қосымша екінші таңғы аспен немесе кешкі аспен, тамақтану арасындағы аралық 4 сағаттан аспайтындай етіп көзделеді. Ас арасындағы аралықта ас мәзіріне тамақтану рационы мен нормасын сақтай отырып, қымыз немесе қышқыл сүт өнімін қосу арқылы тамақтандыруды ұйымдастыру қажет. Балалар мен жасөспірімдердің рационында витаминді-минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдері, дайын тағамдарды «С» дәруменімен витаминдеу жүргізіледі. Медициналық персонал балалардың денсаулық жағдайына динамикалық бақылау жүргізуді, шынықтыру, сауықтыруды жүргізуді қамтамасыз етеді.

Лагерьлерде жазғы сауықтыру маусымының ашылуының алдында жөндеу-қалпына келтіру және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады және жүргізіледі:

1) үйлерді жөндеу жұмыстары (ағымды/күрделі жөндеу жұмыстары);

2) инженерлік желілердің, желдету және ауа баптау жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін тексеру;

3) ауыз суды зерттей отырып, сумен жабдықтау құрылыстары мен желілерін профилактикалық жуу және дезинфекциялау;

4) аумақты тазалау және абаттандыру;

5) профилактикалық дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізу;

6) зертханалық-аспаптық зерттеу жүргізу (ас блогынан ауыз су сынамалары: бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеулерге; жабық жүзу бассейндері мен ванналарынан, жағажайлардан бактериологиялық, санитариялық-химиялық, вирусологиялық, паразитологиялық зерттеулерге су сынамалары; топырақ, құм: паразитологиялық, бактериологиялық көрсеткіштерге);

7) сауықтыру науқаны басталар алдында және әрбір ауысым аяқталғаннан кейін техникалық персонал күрделі жинау жүргізу;

8) жазғы сауықтыру лагеріне жұмысқа қабылдау алдында персонал міндетті, профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтуді, медициналық қарап-тексеруден және гигиеналық оқытудан өткенін куәландыратын құжаттың болуын қамтамасыз етеді.

Балаларды сауықтыру ұйымдары эпидемиялық маңызы жоғары объектілерге жатады. Маусымдық жазғы лагерьлерде балаларды сауықтыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар объектілерді пайдалануға беру алдында санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына өтінішпен жүгінеді. Бұл мемлекеттік қызмет «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін куәландыратын құжат.

Балаларды сауықтыру лагеріне қабылдау үшін қандай құжаттар қажет? Балаларды қабылдау келесі денсаулық жағдайы туралы құжат болған кезде жүзеге асырылады: «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 071/у нысаны бойынша «Сауықтыру лагеріне баратын оқушыға арналған медициналық анықтама» деген денсаулық жағдайы туралы құжат, инфекциялық аурулармен байланысы жоқ деген анықтама. Сонымен қатар, Жетісу облысының бас санитариялық дәрігерінің м.а. 2023 жылғы 02.05. №3 Қаулысына сәйкес, балаларды қабылдау қызылшаға қарсы иммундық статустары болған кезде жүзеге асырылады.

Жазғы сауықтыру лагерінде өткізген уақыт балалар үшін көптеген жылдар бойы есте қалады. Өйткені, Сіздің балаңызға көптеген жағымды эмоциялар мен жаңа достар сыйлайтын басқа орынды табу қиын!

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,**
**«Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы;**
**Г.МҰСТАФИНА,**
**«Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы**

# ОТРАВЛЕНИЕ СЕЗОННЫМИ ФРУКТАМИ И ОВОЩАМИ: ПРИЧИНЫ, СИМПТОМЫ И ЛЕЧЕНИЕ

***Каждый из нас с нетерпением ждет лета, в том числе из-за обилия свежих овощей, фруктов и ягод. Но именно эти продукты зачастую становятся причиной отравления. Наиболее опасными для здоровья являются листовые овощи и зелень, которые обычно не подвергаются термической обработке. К группе риска также относятся и бахчевые культуры, преимущественно арбузы и дыни. Как распознать признаки отравления и отличить его от обычного переедания? Давайте разберемся.***

Шпинат, листовой зеленый салат и белокочанная капуста могут стать причиной отравления, так как именно эти продукты чаще всего не проходят термической обработки. Что касается арбуза и дыни, существует две основных причины отравления бахчевыми: повышенное содержание нитратов и размножение бактерий в мякоти плода.

Первое происходит из-за неправильного использования азотных удобрений. Их широко применяют для стимуляции роста растений, но удобрения этого вида могут накапливаться в почве, попадать в грунтовые воды и, как следствие, концентрироваться в продуктах (преимущественно в зелени, огурцах и арбузах).

Размножение микроорганизмов в мякоти происходит из-за неправильного хранения, загнивания плода или нарушения целостности кожуры. Именно по этой причине не рекомендуется покупать разрезанные арбузы и дыни.

Признаки отравления могут проявиться уже через 2 часа после употребления продукта в пищу. В среднем они развиваются в течение первых 6 - 8 часов. К таким признакам относятся: тошнота, рвота, боли в животе, спазмы, понос, головокружение, слабость, повышение температуры.

Симптомы переедания схожи, но проявляются в более легкой форме и протекают без повышения температуры.

Так как дыня является тяжелым для желудка продуктом, врачи рекомендуют не злоупотреблять им, а для некоторых категорий людей - ограничиться 100-200 граммами в сутки. Особенно это касается людей, страдающих сахарным диабетом, язвой желудка и двенадцатиперстной кишки, а также людей с заболеваниями мочевыводящей системы, беременных женщин и детей.

При легкой степени отравления справиться с ним можно и в домашних условиях. Что делать в первую очередь? При отравлении необходимо обращаться к врачу: вызывать на дом участкового терапевта или «скорую помощь».Чтобы стимулировать выведение токсинов, а также предотвратить обезвоживание, необходимо пить как можно больше кипячёной воды. После прекращения тошноты можно выпить крепкий сладкий чай: он восполняет запасы глюкозы и немного повышает давление. После всех процедур необходим покой и соблюдение постельного режима. Ни в коем случае не принимайте обезболивающие и противодиарейные средства: они маскируют истинное состояние организма и препятствуют выведению токсинов. В случае появления угрожающих симптомов: непрекращающаяся рвота, сильная диарея, нарушение работы сердечно-сосудистой системы, помутнение сознания, судороги, а также при отравлении у детей и беременных женщин необходимо немедленно обратиться к врачу!

Чтобы избежать пищевого отравления, нужно придерживаться нескольких простых правил. Разберём их на примере актуальных сегодня дынь и арбузов:

Покупайте плоды только в сезон. До его начала есть риск отравления нитратами, в конце сезона высока вероятность пострадать от забродивших продуктов;

Перед тем как разрезать плод, его нужно хорошо промыть, а затем ополоснуть кипятком;

Не надрезайте плоды при покупке, чтобы не занести в них микробы;

Выбирайте дыни с приятным ароматом и равномерным окрашиванием кожуры;

Цвет мякоти качественного арбуза варьируется от розового до красного. Желтые прожилки, белые уплотнения, синюшный цвет - признаки использования химикатов;

По структуре нормальная мякоть арбуза - с крупинками, искрится на разрезе. Арбуз с гладкой или волокнистой мякотью употреблять в пищу не рекомендуется. При попадании в воду мякоти арбуза вода мутнеет. Если вода окрашивается в розовый цвет, это говорит о наличии химических веществ. В наибольшем количестве нитраты накапливаются в кожуре и мякоти под ней, поэтому не стоит есть мякоть непосредственно у корки. Нарезанные плоды хранят в холодильнике не более суток.

Подведем итоги. Сезонные фрукты и овощи очень полезны для здоровья, но все же следует быть умеренными в их употреблении и не забывать обрабатывать продукты. При первых же признаках отравления обращайтесь к врачу и не затягивайте с лечением.

***Будьте здоровы!***

**Т.ЖАКИШЕВ,**
**Главный специалист Ескелдинского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля**

# ТРЕБОВАНИЯ К ДЕТСКИМ ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫМ ЛАГЕРЯМ

***Через пару недель для всех школьников начнутся долгожданные летние каникулы. Лето – время свободы в выборе занятий, отдыха, развлечений, восстановления здоровья. Перед большинством родителей встает вопрос о том, каким образом организовать летний отдых своих детей. Не каждый родитель может позволить себе отвезти летом ребёнка на море или организовать другой вариант совместного отдыха. Чаще всего ребёнок оказывается дома один-на-один с компьютером, смартфоном и телевизором, пока родители находятся на работе.***

Одним из наиболее оптимальным вариантом считается, направление детей в детские оздоровительные объекты, то есть в летний оздоровительный лагерь.

Детские оздоровительные объекты (сезонного и круглогодичного действия) – это объекты для оздоровления детей от 6 лет, создающие условия для освоения общеобразовательных учебных программ во время оздоровления, отдыха детей, а также базы и места отдыха детей. Такое времяпровождение имеет свои достоинства. Большая часть свободного времени ребенка проходит на открытом воздухе. Это благотворно сказывается на состоянии здоровья. Легкие ребёнка насыщаются кислородом, а кожа принимает солнечные ванны. В лагере школьников приучает к порядку и самоорганизации, положительным образом сказывается на самочувствии детей.

Какие требования есть к детским оздоровительным лагерям? Детские оздоровительные объекты должны соответствовать требованиям санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к детским оздоровительным и санаторным объектам», утвержденных Приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 10 августа 2022 года № ҚР ДСМ-78.

В детских оздоровительных объектах предусмотрено не менее чем пятикратное питание, с дополнительным вторым завтраком или ужином, с интервалами между приемами пищи не более 4 часов. В промежутках между едой в меню предусматривается организация питания с включением кумыса или кисломолочной продукции, с соблюдением рациона и норм питания. В рационе питания детей и подростков предусматривается пищевая продукция, обогащенная витаминно-минеральным комплексом, проводится витаминизация витамином «С» готовых блюд. Медицинским персоналом обеспечивается проведение динамического наблюдения за состоянием здоровья детей, проведение закаливания, оздоровления.

**Перед открытием летнего оздоровительного сезона в лагерях организуются и проводятся ремонтно-восстановительные и профилактические мероприятия:**

1) ремонтные работы объекта (текущий/капитальный ремонт);

2) проверка эффективности функционирования инженерных сетей, систем вентиляции и кондиционирования;

3) профилактическая промывка и дезинфекция сооружений и сетей водоснабжения с исследованием питьевой воды;

4) очистка и благоустройство территории;

5) проведение профилактических дезинфекционных, дезинсекционных и дератизационных мероприятий;

6) проведение лабораторно-инструментальных исследовании (проб питевой воды с пищеблока: на бактериологические, санитарно-химические исследования; пробы воды с закрытых плавательных бассейнов и ванн, пляжей на бактериологические, санитарно-химические, вирусологические, паразитологические исследования; почву, песок: на паразитологические, бактериологические показатели);

7) перед началом летнего сезона и по окончании каждой смены техническим персоналом обеспечивается проведение генеральной уборки;

8) перед приемом на работу в летний оздоровительный лагерь персоналом обеспечивается прохождение обязательных, профилактических медицинских осмотров, наличие документа, удостоверяющего прохождение медицинского осмотра и гигиенического обучения.

Детские оздоровительные организации относятся к объектам высокой эпидемической значимости. Юридические и физические лица, осуществляющие деятельность по оздоровлению детей в сезонных летних лагерях, перед вводом в эксплуатацию объектов обращаются с заявлением в территориальные управления санитарно-эпидемиологического контроля для получения санитарно-эпидемиологического заключения. Данная государственная услуга оказывается в соответствии с приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-336/2020 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения».

Санитарно-эпидемиологическое заключение это – документ, удостоверяющий соответствие нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения объектов государственного санитарно-эпидемиологического контроля и надзора.

Какие нужны документы, для приема детей в детский оздоровительный лагерь? Прием детей осуществляется при наличии документа о состоянии здоровья: «Медицинская справка на школьника, отъезжающего в оздоровительный лагерь» по форме 071/у, утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 «Об утверждении форм учетной документации в области здравоохранения», справки об отсутствии контакта с инфекционными заболеваниями. Также, Постановлением и.о. главного санитарного врача области Жетісу от 02.05.2023 г. №3, прием детей осуществляется при наличии иммунного статуса против кори.

Проведенное время в летнем оздоровительном лагере запомнится детям на долгие годы. Ведь сложно найти другое место, которое подарит Вашему ребенку столько же положительных эмоций и новых знакомств!

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,**
**Руководитель РГУ «Ескельдинское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля»;**
**Г.МУСТАФИНА,**
**Главный специалист РГУ «Ескельдинское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля»**

# АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ



***1. В выписке с пенсионного счета сумма отчислений начинается с 2013 года. Как можно получить информацию об отчислениях за предыдущие годы?***

ЕНПФ создан в 2013 году на базе Государственного накопительного пенсионного фонда (АО «НПФ «ГНПФ»). Пенсионные активы и обязательства всех частных фондов были переданы в ЕНПФ.

Получение выписок с индивидуального пенсионного счета (далее - ИПС) - это законодательно закреплённое право вкладчиков (получателей). ЕНПФ обязан без взимания платы предоставлять физическому лицу, на имя которого открыт ИПС, информацию о состоянии пенсионных накоплений по его запросу на любую запрашиваемую дату с даты открытия ИПС, а также обеспечивать электронный и иные способы доступа к информации о его пенсионных накоплениях.

*Узнать о состоянии своих пенсионных накоплений можно следующими способами:*

• электронным:

- посредством личного кабинета на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ либо электронного правительства (egov.kz) с использованием электронной цифровой подписи или логина пользователя и пароля;

- посредством электронной почты на адрес, представленный в ЕНПФ;

• при личном обращении непосредственно в офис ЕНПФ;

• посредством услуг почтовой связи.

В случае формирования выписки с ИПС за период до открытия ИПС в ЕНПФ к выписке с ИПС прилагается информация, в том числе о состоянии пенсионных накоплений, предоставленная «последним» накопительным пенсионным фондом, передавшим сведения в ЕНПФ.

При необходимости ЕНПФ может предоставить информацию до 2013 года. Для этого рекомендуем обратиться с письменным запросом по электронной почте enpf@enpf.kz либо в подразделение ЕНПФ по месту жительства с указанием запрашиваемой информации и периода, за который она должна быть сформирована. Документ будет предоставлен в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан.

***2. Подскажите, может ли человек, оформляющий ПМЖ в другой стране, передать свои пенсионные накопления своим близким родственникам?***

Поясняем, что вкладчики ЕНПФ, выезжающие или выехавшие на ПМЖ за пределы страны, имеют возможность забрать свои пенсионные накопления. Для этого им нужно оформить выезд на ПМЖ через органы внутренних дел РК и предоставить пакет документов в ЕНПФ. Правом на пенсионные выплаты из ЕНПФ в связи с выездом на ПМЖ за пределы Казахстана могут воспользоваться иностранцы и лица без гражданства, выехавшие на ПМЖ за пределы РК, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ и представившие документы согласно законодательству РК:

• за счет обязательных и обязательных профессиональных пенсионных взносов - при предоставлении документов, подтверждающих факт выезда.

• за счет добровольных пенсионных взносов – при предоставлении документов, подтверждающих намерение или факт выезда.

Граждане имеют право претендовать на снятие пенсионных накоплений в том случае, когда они уже надлежащим образом оформили выезд на ПМЖ и обладают заграничным паспортом другой страны.

*Есть 3 способа подачи документов в ЕНПФ:*

1. Вы можете лично обратиться в офис ЕНПФ с заграничным паспортом и сведениями о банковском счете.

2. Ваш представитель (поверенное лицо) может лично обратиться в офис ЕНПФ с пакетом документов. При себе он должен иметь: нотариально заверенную копию Вашего загранпаспорта или удостоверения лица без гражданства; документ, удостоверяющий личность представителя (поверенного лица); нотариально удостоверенную доверенность; сведения о Вашем банковском счете.

3. Вы можете отправить необходимые документы почтой. Список документов следующий: заявление о назначении пенсионных выплат с нотариально удостоверенной подписью; нотариально засвидетельствованная копия заграничного паспорта или удостоверения лица без гражданства; сведения о банковском счете. Собранный пакет документов можно направить на почтовый адрес одного из областных (региональных) филиалов ЕНПФ.

Обращаем Ваше внимание, что выплата пенсионных накоплений осуществляется только на банковский счет самого получателя, в том числе в случае, если получателем пенсионных выплат является недееспособное/ограниченно дееспособное совершеннолетнее лицо. Выплата пенсионных накоплений на банковский счет законного представителя (опекуна/попечителя), а также поверенного лица не допускается. Таким образом, человек, оформляющий ПМЖ в другой стране, не может передать свои пенсионные накопления своим близким родственникам.

***3. Могут ли граждане с видом на жительство в Казахстане делать пенсионные отчисления?***

В соответствии со статьей 2 Закона РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее - Закон) иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, пользуются правом на пенсионное обеспечение наравне с гражданами Республики Казахстан, если иное не предусмотрено законами и международными договорами.

Подпунктом 14) пункта 1 статьи 1 Закона РК «О документах, удостоверяющих личность» определено, что документом, удостоверяющим личность иностранца на территории Республики Казахстан и подтверждающим получение им разрешения на постоянное проживание в Республике Казахстан, является вид на жительство иностранца в Республике Казахстан.

Следовательно, иностранцы и лица без гражданства, имеющие вид на жительство иностранца в Республике Казахстан, имеют право формировать свои пенсионные права, как и граждане Республики Казахстан, путем перечисления пенсионных вносов в ЕНПФ в порядке и сроки, установленные пенсионным законодательством Республики Казахстан, если иное не предусмотрено Законом.

***4. У меня 2 группа инвалидности после операции. Инвалидность мне назначили на 5 лет. Могу ли я уже получать свои пенсионные выплаты до наступления пенсионного возраста? Каким образом назначается пенсия по инвалидности 1 и 2 групп?***

Законом РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» предусмотрено, что физические лица, имеющие инвалидность 1 или 2 группы до наступления пенсионного возраста имеют право получать пенсионные выплаты, сформированные за счет ОПВ и/или ОППВ, только если инвалидность установлена бессрочно. При этом отмечаем, что независимо от группы и срока инвалидности возможно получение пенсионных выплат, сформированных за счет добровольных пенсионных взносов.

Актуальный перечень всех необходимых документов в зависимости от способа подачи документов в ЕНПФ размещены на корпоративном вебсайте ЕНПФ по адресу: www.enpf.kz в разделе «Услуги» - «Получателям».

***5. У меня изменился адрес прописки и проживания. Как я могу его актуализировать в системе ЕНПФ?***

Законодательством предусмотрено, что вкладчик (получатель) обязан в течение 10 календарных дней сообщать в ЕНПФ обо всех изменениях, влияющих на выполнение ЕНПФ своих обязательств.

К изменениям, влияющим на выполнение обязательств ЕНПФ, относятся в том числе изменение адреса места жительства вкладчика (получателя), электронного адреса (e-mail), если данные адреса используются при информировании.

*Внести изменения можно следующими способами:*

- посредством личного кабинета на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ с использованием электронной цифровой подписи, QR-подписания электронной услуги или логина пользователя и пароля;

- при личном обращении непосредственно в офис ЕНПФ;

- при личном обращении в отделения АО «Казпочта». Список отделений АО «Казпочта» размещен на сайте www.enpf.kz в разделе «Услуги» - «Сотрудничество с АО «Казпочта».

# ӨРТТЕН ТАБИҒАТТЫ САҚТАЙЫҚ

***Қазір облыс бойынша күніне 5-6 өрт дала өңірінде орын алуда. Өрт сөндірушілерде тыным жоқ. Бір өңірдегі өрт сөндіріліп жатса, басқа маңнан жаңа өрт қылаң береді. Барлық себеп биылғы күннің ыстығында болып тұр. Кей жерлерде 30-35 температураны былай қойғанда, сынап бағанасы 40 градустан да асты. Тамыздың басынан сонау қыркүйектің аяғына дейін табиғат аясында орын алатын өрттің саны бүгінгі күнге қарағанда 2 есеге ұлғаятындығын жыл сайынғы талдау ақпараттары көрсетіп отыр. Қазір облыстық өртке қарсы қызметінің жеке құрамы күшейтілген жұмыс күніне көшірілген.***

Қоршаған ортада туындаған өрттің себептері де әр түрлі. Оған ең бастысы адамның да кінәраты бар десек артық айтпаймыз. Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын сөндірмей кеткендерінен, механизатор, малшылардың немесе көлік жүргізушісінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан өрт шыққан оқиғалар көп. Бұның барлығы да адамзаттың табиғат-Анаға деген немқұрайды көзқарасынан туындайтындығы сөзсіз.

Қоршаған ортада орын алған өрттің зияны да ерекше. Біріншіден, ауа ластанса, келесі кезекте өрттің орманға түсу қаупі артады, мал жайылымын, шабындықты құртады. Биолог ғалымдардың айтуынша, өртенген орманның қалпына келуі үшін кемінде 1 ғасыр керек.

Осы жайттар қазіргі күні ӨҚК-н алаңдатуда. Осыған орай көз жетімді жерлердің барлығы автокөлікпен, ал қолжетімсіз жерлердің барлығы орман шаруашылығын қорғаушы мекемесіне қарасты тікұшақпен мамандардың апта сайын облыс аумағын шарлап ұшумен қадағаланып отыр. Барлық мақсат табиғат аясында шыққан жедел өртті анықтап, оны сөндіруге күштерді мерзімді жұмылдыруға арналған.

Құрметті облыс тұрғындары, Жетісу өзінің көрікті табиғатымен, жазиралы даласымен ерекшеленіп, көз тартады. Жер жанатына саналатын өңірімізді өрттен қорғап, отқа абайлық танытуларыңызды сұраймыз.

**Қ. ӘШІМОВ,**
**Аудандық ТЖБ инженері**

# ЛЕТНИЙ ОТДЫХ ДЕТЕЙ

***Обеспечение пожарной безопасности детских лагерей имеет очень важное значение, так как при возникновении пожаров может быть нанесен не только большой материальный ущерб, но и возникнет серьезная опасность для жизни детей. Поэтому каждый работник детского лагеря обязан знать и строго выполнять установленные правила пожарной безопасности. В случае возникновения пожара в первую очередь он должен принимать все зависящие от него меры по спасанию детей, а затем приступать к тушению пожара.***

В соответствии с действующим положением и типовыми правилами ответственность за соблюдение противопожарного режима в летних лагерях возлагается персонально на руководителей этих учреждений.

Следовательно, начальник, заведующий, или руководитель учреждения обязаны:

- изучить со всеми работниками лагеря правила пожарной безопасности;

- регулярно не реже 1 раза в месяц проводить беседы на противопожарные темы;

- до прибытия детей разработать план эвакуации с четким распределением обязанностей обслуживающего персонала в случае возникновения пожара и согласовать этот план с местной противопожарной службой;

- обеспечить все помещения необходимыми средствами пожаротушения и связи;

- не допускать хранения пожароопасных веществ в помещениях занимаемых детьми;

- осуществлять контроль за правильной эксплуатацией и состоянием электропроводки, электронагревательных приборов и печей;

Отдел по чрезвычайным ситуациям Ескельдинского района уделяют особое внимание за противопожарным состоянием загородных детских оздоровительных учреждений. Но предупреждение пожаров в этих учреждениях в первую очередь зависит от хозяйственных руководителей, организующих оздоровительный отдых детей, от начальников лагерей, заведующих детских дач, пионервожатых, воспитателей и всего обслуживающего персонала.

**Е. ТУЛЕНДИНОВ,**
**Старший инженер ОЧС**
**Ескельдинского района**
**старший лейтенант**
**гражданской защиты**

# СОТ ОТЫРЫСЫ ХАТШЫСЫ

***Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да. Іс бойынша өзіндік айғақ саналатын сот құжаттарының, сот отырысы хаттамасының дұрыс, нақты, сауатты толтырылуы осы хатшыға байланысты.***

Хатшы, сонымен қатар, тараптардың сот отырысына келуін қамтамасыз етіп, азаматтық және қылмыстық істерді рәсімдеп, сот актілері мен басқа да құжаттарды іс жүргізу нұсқаулығына сәйкес сатыларға жолдайды. Соттың жұмысы мен беделі көп ретте сот отырысы хатшысының жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуіне, жауапкершілігіне, біліктілігі мен ұқыптылығына байланысты. Соған байланысты соттың хатшылары азаматтық және қылмыстық істерін жүргізуді, азаматтық кодекс, азаматтық процесстік кодекс, қылмыстық процесстік кодекс және тағы басқа салаларға қатысты заңдарды неғұрлым терең игеруге зор мүмкіндік алып, өздерінің кәсіби және зияткерлік деңгейін жетілдіреді. Сот процестеріне қатысып, білікті заңгерлердің жұмыс тәсіліне қанығып, іс материалдарымен танысып жүрген маман қаралған даулар бойынша өзіндік талдау жасап, өзінше ой түйеді. Мемлекеттік қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлер секілді сот отырысының хатшыларына да қойылатын талаптар әр дайым жоғарылап отырады. Соттың іс жүргізуге қатысты ішкі тәртіптері іштен ара өзгеріп отырады. Атап айтқанда, сот отырысының хатшысы сот жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Ауыртпалыққа қарамастан, сот отырысының хатшылары өз міндеттеріне мұқият, атқарушы және жауапкершілікпен қарауы керек. Соттың жұмысымен имиджі сот отырысы хатшысының дұрыс ұйымдастырылған жұмысына оның жауапкершілігіне, сауаттылығына, адалдығымен дәлдігіне байланысты.

**Лязат КОЖАХМЕТОВА**
**Ескелді аудандық сотының**
**бас маман-**
**сот отырысының хатшысы**



# МЕДИАЦИЯ - ДАУДЫ ОҢАЙ АЯҚТАУ ЖОЛЫ

***Медиацияның мақсаты - дауды шешудің медиацияның екі тарапында қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады. Осы орайда айта кететіні медиаця ұғымы бізге жат ұғым емес, қазақ халқында билер ел ішіндегі дау-дамайды ушықтырмай, іштей келісімге келтіртіп, шешіп отырғанын атап өту керек. 2011 жылдың 28 каңтарында қабылданған «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 4 тарау, 28 баптан тұрады. Еліміздегі медиацияның ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайтын аталған заң қолданысқа енгізілген.***

Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Бүгінде бүкіл әлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнестерден бастап, ажырасу мен дүниені бөлісу деген сияқты мәселелерге дейін кеңінен қолданылады. Медиация тек жеке құқықтық қатынастарға ғана қолданылады. Ол тараптардың бірі мемлекеттік орган болатын құқықтық жанжалдарға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қолданылмайды.

Қазіргі заманда соттасу көп уақытты, қомақты қаражатты, адамдардың жүйкесінің төзімділігін қажет ететіндігі белгілі. Осындай келеңсіз жағдайларға түспеу жолы - дауды медиация жолымен сотқа жеткізбей шешу, медиация заңының қолданылу аясын арттыру. Осыдан шығатын қорытынды алдағы уақытта да медиация заңынын қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар ат салысуы тисті. Себебі, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу қарапайым халық үшін өте тиімді, әрі қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болып табылады.

**Ұлан МАМЫТБЕК**
**Ескелді аудандық сотының судьясы**

# ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАМАТТЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАН СЕРТИФИКАТЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ ELICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

***Elicense.kz порталында «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын беру» қызметі автоматтандырылды. Аталмыш қызметті жеке тұлғалар тегін ала алады.***



Енді ҚР ДСМ 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 18 бұйрығына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық халық саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалаудан, білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына сәйкес бағалау жөніндегі ұйым жүргізетін мамандардың кәсіптік даярлығын бағалаудан өткен медицина қызметкерлері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маманды сертификаттауға жіберіледі.

Сертификат алуға өтініш беру үшін не қажет:

- Сертификаттық курс туралы куәліктің электрондық көшірмесі (міндетті түрде, біліктілік талапта);
- Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны (міндетті түрде, біліктілік талапта)(Мәліметтер нысаны);
- Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда еңбек кітапшасының электрондық көшірмесі (міндетті түрде, біліктілік талапта);
- Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, орта (техникалық және кәсіптік білім туралы дипломның электрондық көшірмесі (міндетті түрде, біліктілік талапта);
- Басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған көрсетілетін қызметті алушының білім туралы құжаттарын тану және (немесе) нострификациялау туралы құжаттың электрондық көшірмесі (міндетті емес, біліктілік талапта);

Маман сертификатын алу үшін пайдаланушы elicense.kz порталында электрондық өтінішті толтырады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 10 жұмыс күні.

Қызмет көрсету нәтижесі маман сертификаты түріндегі рұқсат құжаты және пайдаланушының «Қызметтер алу тарихы» модуліндегі «Жеке кабинетіне» жіберіледі. Өтініш бойынша бас тарту болған жағдайда дәлелді бас тартудың нәтижесі сақталады.

Қызмет «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер көрсету комитеті және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы**

# Облыс тұрғындарының назарына!

***«Ауыл Аманаты» бағдарламасы шеңберінде микрокредит алу үшін құжаттарды қабылдау 2023 жылдың 22 мамырынан басталады.***

*Микрокредиттер «Жетісу» ӘКК арқылы берілетін болады. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5% - дан аспайды.*

*Қарыздың ең жоғары сомасы – 8,6 млн теңгеге және ауыл шаруашылығы кооперативін дамыту үшін - 27,6 млн. теңгеге дейін, кепілмен қамтамасыз ету міндетті.*

*Несиелеу мерзімі мал шаруашылығына – 7 жыл, басқа бағыттар үшін - 5 жылға дейін.*

*Шағын қалалар мен ауылдық округтердің тұрғындары үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі шартты, шаруа қожалықтарына тіркелу мерзімі 3 жылдан аспауы тиіс.*

*Негізгі берешек пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңі көзделген, шағын несие мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бір бөлігі) аспайды.*

*Кеңес алу үшін қалалық, ауылдық әкімдіктерге және жергілікті кәсіпкерлер Палатасына хабарласуға болады.*

***Құжаттар қабылаушы - «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы, мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі 113, байланыс телефоны 8 (7282) 329 720.***

# К вниманию жителей области!

***Стартует прием документов с 22 мая 2023 года для получения микрокредита в рамках программы «Ауыл Аманаты».***

В области кредиты будут выдаваться через СПК «Жетісу». Номинальная ставка вознаграждения – не более 2,5% годовых. Максимальная сумма займа – до 8,6 млн тенге, для развития сельскохозяйственного кооператива – 27,6 млн. тенге с обязательным условием наличия залогового обеспечения.

Срок кредитования для животноводства до 7 лет, по другим направлениям до 5 лет.

Микрокредиты предоставляются для жителей малых городов и сельских округов, при условии наличия регистрации в качестве индивидуального предпринимателя, для КХ есть ограничение срок регистрации не более 3 лет.

Также предусмотрен льготный период по погашению основного долга и вознаграждения, который составляет не более 1/3 (одной трети) продолжительности срока микрокредитования.

Для получения консультаций Вы можете обратиться в городские, сельские акиматы и в региональные филиалы палаты предпринимателей.

***Прием документов осуществляет СПК «Жетісу» по адресу г. Талдыкорган ул. Абылайхана 113, контактный телефон - 8 (7282) 329 720***










Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200
Тираж 1200
Тапсырыс 504
Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.
Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.